

Ата – аналар оқуы

1. Танысу шенбері
2. Психологиялық жаттығу (шеңбер бойында)
3. Баяндама оқу
4. Ата аналар комитетінің құру.
5. Бүгінгі күні ата -аналарды толғандыратын мәселені анықтау.
6. Өткізілген жиналыстың нәтижесіне қорытындылау.

Баяндама оқу

Баяндама тақырыбы : «Балаңызбен қарым-қатынасыңыз қалай?»

Әр ата- ана өзінің баласын жаман болсын демейді, оны тәрбиелі, білімді болғанын қалайды, жақсы адам болса ,халқына пайдасын тигізетін бір маман иесі болса деп тілейді.

Жақсы тілекпен ниеттің орындалуына мүмкіндік жасайтын ата- ананың өзі. Данышпан Абай ; « Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады, бірінші ата- анасынан ,екінші ұстазынан, үшінші құрбысынан», - деген екен.

Қай бала болса да, достарымен ұстазынан гөрі үйінде көбірек болатындықтан ата- анасының үйдегі өнегесі, мәдениетімен ішкі жан дүниесі балаға көбірек ықпал ететіні белгілі. Кейбір ата - ана жұмыстан шаршап келгенін сылтауратып, баласының тәрбиесіне көп көңіл бөле амайды, немесе тәрбиесімен айналуға ерінеді. Осыдан үлкен қателік туады. Баланың күнделікті өмірінде бірде бір әрекетін ескерусіз қалдырмаған жөн. Жақсы нәрсесін мақтап ,білмегенін айтып түсіндіріп, үйрете отырып көп жетістікке қол жеткізеді.

«Балаға білім беру үшін, ең алдымен оны тәрбиелеген жөн, тәрбиесіз берілген білім , ол ертең апатқа апарып соғады»- деген дүние жүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы, данышпан атанған ғалым Әбунәсір Әл-Фараби

Баламызды балабақшаға жіберіп, балабақша тәрбие береді, білім береді деп бар ауыртпалықты тәрбиешіге салып қойғанымыз жеткіліксіз. Баланы бала бақша бергенен соң ата -ана тәрбиешімен тығыз қарым қатынаста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс.

Еліміздің өркендеуі, дамуы, біздің болашағымыз яғни қазіргі жас ұрпағымыздың тәрбиелі, жан жақты білімді болуына көп байланысты.

Айталық ата –ана өзінің алдына мына төмендегідей мақсат қойып, оның жүзеге асуына мән беретін болса сөз жоқ ұрпағының тәрбиелі, өнегелі, білімді болып өсуіне жол ашады

Ата – аналар сіздер үшін

1. Балабақшадан келген баланың көңіл күйін сұрау.
2. Балаға өз қателігін түсінуге мүмкіндік жасау.
3. Баланың жақсы мінез іс-әрекетіне назар аударып, көңіл күйін көтеру.
4. Ата-ана өзін-өзі ұстай білу. Бақылай білу.
5. Балаға дауыс көтеріп, жазалауға асықпай, оны түсінуге тырысу.
6. Баласының тілін түсініп, онымен сырлас дос болуға тырысу, және оның ой – идеясына көңіл бөлу.
7. Өз баласын басқа балаға салыстырмай, балаңызға сеніңіз, ол шын мәнінде қалай болса, солай қабылдаңыз. Онымен адал болыңыз.
8. Оның талап тілегіне тежеу жасамай еркіндік беріп, дүниеге, өмірге деген көз қарасын бақылай білу.
9. Еркелетудің де жөні бар. «Тәйт» деген тыю естімей шектен тыс еркелетудің нәтижесінде бала тоңмойын, қатал, өзімшіл, өркөкірек үлкенді ата-ананы сыйламайтын, тілазар әлі келгенді жәбірлеуге бейім тұратын тұлға қалыптасуы мүмкін.

Ата – аналар сіздер үшін

1. Балабақшадан келген баланың көңіл күйін сұрау.
2. Балаға өз қателігін түсінуге мүмкіндік жасау.
3. Баланың жақсы мінез іс-әрекетіне назар аударып, көңіл күйін көтеру.
4. Ата-ана өзін-өзі ұстай білу. Бақылай білу.
5. Балаға дауыс көтеріп, жазалауға асықпай, оны түсінуге тырысу.
6. Баласының тілін түсініп, онымен сырлас дос болуға тырысу, және оның ой – идеясына көңіл бөлу.
7. Өз баласын басқа балаға салыстырмай, балаңызға сеніңіз, ол шын мәнінде қалай болса, солай қабылдаңыз. Онымен адал болыңыз.
8. Оның талап тілегіне тежеу жасамай еркіндік беріп, дүниеге, өмірге деген көз қарасын бақылай білу.
9. Еркелетудің де жөні бар. «Тәйт» деген тыю естімей шектен тыс еркелетудің нәтижесінде бала тоңмойын, қатал, өзімшіл, өркөкірек үлкенді ата-ананы сыйламайтын, тілазар әлі келгенді жәбірлеуге бейім тұратын тұлға қалыптасуы мүмкін.